

МЫНАДАН БАСТАҢЫЗ: Aruba 8360 сериялы коммутаторлар мен керек-жарақтарға қатысты орнату, қауіпсіздік және нормативтік талаптар туралы ақпарат

Aruba коммутаторлары мен керек-жарақтарына қатысты аппараттық бөлім және бағдарламалық құрал құжаттамасының соңғы шығарылымын, соның ішінде орнату туралы жан-жақты ақпарат беретін *Орнату және пайдалануды бастау бойынша нұсқаулықты* алу үшін, келесі сілтеме арқылы Aruba қолдау порталына кіріңіз: <https://asp.arubanetworks.com/downloads>.

Алдын ала теңшеу туралы маңызды ақпарат алу үшін, осы нұсқаулықтың қалған бөлімдерін қараңыз.



Осы өнімде пайдаланушы көрсете алатын техникалық қызметті қажет ететін бөлшектер жоқ. Коммутаторға немесе керек-жараққа техникалық қызмет көрсету қажет болғанда, Aruba компаниясының өкілетті уәкіліне хабарласыңыз.

Қатысты өнімдер

Aruba 8360-32Y4C FB 3F2PS жинағы (JL700A)	Aruba 8360-12C BF 3F2PS жинағы (JL709A)	Aruba X412 1U әмбебап 2 бағаналы бекіту жиынтығы (JL602A)
Aruba 8360-32Y4C BF 3F2PS жинағы (JL701A)	Aruba 8360-24XF2C FB 3F2PS жинағы (JL710A)	Aruba X414 1U әмбебап 4 бағаналы бекіту жиынтығы (J9583B)
Aruba 8360-16Y2C FB 3F2PS жинағы (JL702A)	Aruba 8360-24XF2C BF 3F2PS жинағы (JL711A)	Aruba X391 850W FB AC қуат беру блогы (JL601A)
Aruba 8360-16Y2C BF 3F2PS жинағы (JL703A)	Aruba X391 550W Prt2Pwr AC қуат беру блогы (JL600A)	Aruba 8360-48Y6C FB 5F2PS жинағы (JL704A)
Aruba 8360-48XT4C FB 3F2PS жинағы (JL706A)	Aruba X391 550W Pwr2Prt AC қуат беру блогы (JL712A)	Aruba 8360-48Y6C BF 5F2PS жинағы (JL705A)
Aruba 8360-48XT4C BF 3F2PS жинағы (JL707A)	Aruba X741 Prt2Pwr желдеткіші (JL714A)	Aruba 8360-48Y6C v2 коммутаторы (JL719C)
Aruba 8360-12C FB 3F2PS жинағы (JL708A)	Aruba X742 Pwr2Prt желдеткіші (JL715A)	Aruba X391 850W Pwr2Prt AC қуат беру блогы (JL713A)

Aruba 8360-48Y6C v2 FB 5F 2PS жинағы (JL704C)	Aruba X391 850W Prt2Pwr AC қуат беру блогы (JL601A)	Aruba 8360-48Y6C v2 BF 5F 2PS жинағы (JL705C)
---	---	---

Жалпы шолу

Aruba 8360 сериялы коммутаторлар – кәсіпорында деректерді өңдеу орталығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, желілерді біріктіру және желі өзегін құру үшін оңтайлы болып табылатын премиум сыныпты желілік коммутаторлардың тобы. Олар желіні бұйымдар Интернеті (IoT) үшін, мобильді және бұлттық мақсаттарда пайдалануды қолдайтын жоғары өнімді желілердің іргетасын қалайды.

Осы коммутаторлар тек ғимарат ішінде пайдаланылуға арналған. Олар саудалық мақсаттарда пайдаланылуға арналған. Әдетте олар қоршаушы орта жағдайлары бақыланатын деректер орталығында орнатылады. Пайдаланылатын орны кіруге шектеу қойылған жерде болуы немесе болмауы мүмкін.

Орнату жұмысына қатысты сақтық шаралары мен ұсынымдар

Коммутаторыңызды орнату кезінде жарақат алуды немесе өнімнің зақымдалуын болдырмау үшін, орнату жұмысына қатысты келесі сақтық шаралары мен ұсынымдарды оқып шығыңыз.

- Коммутаторды қабырғаға, үстел астында немесе кез келген горизонтальдық беттің астында орнатпаңыз.
- Бағанаға немесе шкаф ішінде орнатылатын құрылғыларды барынша төмен орнатыңыз. Ең ауыр құрылғыларды бағананың немесе шкафтың түбіне, жеңілірек құрылғыларды жоғарырақ, ал ең жеңіл құрылғыларды ең жоғарғы бөлігіне қойыңыз.
- Бағананың немесе шкафтың тұрақсыз болып қалуын және (немесе) құлап түсуін болдырмау үшін, оның тиісінше бекітілгенін қамтамасыз етіңіз.

Осы бөлімде коммутаторыңызды орнату кезінде орындалуы қажет сақтық шаралары мен ұсынымдар берілген. Орнату бойынша толық нұсқауларды алу үшін, *Aruba 8360 сериялы коммутаторларды орнату және пайдалануды бастау бойынша нұсқаулықты* қараңыз.



-
- Әуелі *Aruba 8360 коммутаторларын орнату және пайдалануды бастау бойынша нұсқаулықтың* ең соңғы нұсқасын қарамай кез келген коммутаторды бағанаға орнатылған күйінде тасымалдамаңыз. Әйтпесе коммутаторға берілген кепілдікті жарамсыз етуіңіз мүмкін.
 - Қуат беру тізбектерінің тиісінше жерге тұйықталғанын қамтамасыз етіңіз. Одан кейін коммутаторды жинақтамасына кіретін қоректендіру шнуры арқылы қуат беру көзіне қосыңыз. Қоректендіру шнурлары туралы қосымша ақпарат алу үшін, [3-беттегі «Қоректендіру шнурлары»](#) атты бөлімді қараңыз.
 - Коммутаторды орнату кезінде айнымалы ток беретін желінің розеткасы коммутатордың жанында және оңай қолжетімді болуы керек. Бұл коммутаторды өшіру қажет болған жағдайлар үшін керек.
 - Қоректендіру шнуры мен желілік кабельдер коммутатор орнатылған орында сүрініп кету қаупін тудыратын кедергі жасамайтынын қамтамасыз етіңіз.
 - Коммутаторды жұмыс қоршаушы температурасы техникалық сипаттамаларда көрсетілген температурадан асатын орында орнатпаңыз. Жұмыс қоршаушы температурасы туралы ақпаратты *Aruba 8360 коммутаторларын орнату және пайдалануды бастау бойынша нұсқаулықтың* ең соңғы нұсқасынан қараңыз.
 - Коммутатордың қуат беру тізбектеріне артық жүктеме түсірмейтінін және асқын токтардан қорғалғанын қамтамасыз етіңіз. Қуат беру тізбектеріне артық жүктеме түсірудің ықтималдығын анықтау үшін, коммутатор орнатылған тізбекте орнатылған барлық құрылғылардың номиналды ток мәндерін қосыңыз. Одан кейін жалпы қосындыны тізбектің номиналды шектік мәнімен салыстырыңыз. Құрылғының максималды номиналды ток мәні әдетте құрылғының айнымалы ток желісіне қосылуға арналған жалғағыштарының қасында көрсетілген болады.
 - Коммутатордың алдыңғы және артқы жағындарында орналасқан желдеткіш тесіктерді бұғаттамаңыз.
 - Коммутаторды суыту үшін, оның алдыңғы және артқы жағында кемінде 15,24 см (6 дюйм) бос орын қалдырыңыз. Ауа ағынының бағыты туралы ақпарат алу үшін, *Aruba 8360 коммутаторларын орнату және пайдалануды бастау бойынша нұсқаулықтың* ең соңғы нұсқасын қараңыз.
 - Егер қуат беру блогын ажыратып, қайта орнату қажет болса, әуелі кемінде 5 секунд күтіңіз де, одан кейін ғана оны қайта орнатыңыз. Әйтпесе коммутатор зақымдалуы мүмкін. Осы уақыт қуат беру блогында қалған токты толық шығару үшін қажет.
-

- Тек қолдаулы Aruba қабылдағыш-жібергіштерін ғана пайдаланыңыз.
 - 8360 сериялы коммутатордың порттар жағындағы қабылдағыш-жібергіш ұяшықтары SFP, SFP+, SFP28, QSFP+ және QSFP28 қабылдағыш-жібергіштерін қолдайды.
 - Қосымша ақпарат алу үшін, келесі екі нұсқаулықтың ең соңғы нұсқаларын қараңыз:
 - *Орнату және пайдалануды бастау бойынша нұсқаулық*
 - *Қабылдағыш-жібергіш бойынша нұсқаулық*
-

Қоректендіру шнурлары

Aruba компаниясы Aruba коммутаторы және қуат беру блогымен бірге пайдаланылуы керек қоректендіру шнурын құрылғының жинақтамасына қосады. Түрлі елдерде немесе аймақтарда түрлі қоректендіру шнурлары қажет болуы мүмкін. Коммутаторыңызға қатысты қоректендіру шнурларының тізімін алу үшін, коммутаторыңызға арналған *Орнату және пайдалануды бастау бойынша нұсқаулықтың* ең соңғы нұсқасын, қоректендіру шнурларының тізімі берілген бөлімін қараңыз.



Aruba құрылғыларымен бірге тек Aruba компаниясы мақұлдаған қоректендіру шнурларын ғана пайдалануға болады. Коммутаторыңыздың қоректендіру шнуры туралы ақпаратты алу үшін, коммутаторыңыз бен қуат беру блогына қатысты *Орнату және пайдалануды бастау бойынша нұсқаулықтың* ең соңғы нұсқасын қараңыз. Жоғалған немесе зақымдалған қоректендіру шнурларын тек Aruba компаниясы мақұлдаған қоректендіру шнурларымен ғана ауыстыру қажет. Егер құрылғыңыз орнатылған жерде коммутатордың және (немесе) қуат беру блогының жинақтамасына кіретін қоректендіру шнурынан өзге шнур қажет болса, шнурдың коммутатор үшін белгіленген минималды ток талаптарына сәйкес келетін тиісті өлшемге ие екенін қамтамасыз етіңіз. Бұдан басқа, еліңізде немесе аймағыңызда қоректендіру шнурларына қатысты қауіпсіздік ережелерін белгілейтін мекеменің таңбасы бар қоректендіру шнурын пайдаланыңыз. Осы таңба қоректендіру шнурын коммутатор мен қуат беру блогымен бірге қауіпсіз пайдалану мүмкін екеніне кепілдік береді.



Зақымдалған немесе ұсынылмаған қоректендіру шнурын коммутаторыңызбен бірге пайдаланбаңыз. Осындай қоректендіру шнурын пайдалану коммутаторға және қуат беру блогына берілген кепілдемені жарамсыз етеді. Бұл сондай-ақ ауыр электрлік мәселелерді, соның ішінде қызметкерлердің жарақат алуына немесе өліміне және коммутатордың және басқа мүліктің зақымдалуына әкеліп соғуы мүмкін мәселелерді тудыруы мүмкін. Қоректендіру шнурыңыздың коммутаторыңыздың моделімен бірге пайдалануға мақұлданғандығын тексере алмасаңыз, Aruba компаниясының жергілікті өкілетті дилеріне немесе сауда өкіліне хабарласып, жәрдем сұраңыз.



Коммутаторды орнына бекіту немесе орнынан шешіп алу алдында қоректендіру шнурын коммутатордан шығарып алыңыз.

Қоршаушы орта бойынша талаптар

1-кесте: барлық 8360 сериялы коммутатор модельдеріне қатысты қоршаушы орта бойынша талаптар

	Алдынан артына ағатын ауа (FB)	Артынан алдына ағатын ауа (BF)
Жұмыстық температура	32°F (0°C) градустан 113°F (45°C) градусқа дейін ¹	32°F (0°C) градустан 104°F (40°C) градусқа дейін ²
Жұмыстық емес температура	-40°F (-40°C) градустан 158°F (70°C) градусқа дейін	-40°F (-40°C) градустан 158°F (70°C) градусқа дейін
Жұмыстық салыстырмалы ылғалдылық	15%–95% ³	15%–95% ⁴
Сақтау кезіндегі жұмыстық емес салыстырмалы ылғалдылық	15%–95% ⁵	15%–95% ⁶

	Алдынан артына ағатын ауа (FB)	Артынан алдына ағатын ауа (BF)
Теңіз деңгейінен жоғары максималды жұмыстық биіктік	3 км (10000 фут)	3 км (10000 фут)
Теңіз деңгейінен жоғары максималды жұмыстық емес биіктік	4,5 км (15000 фут)	4,5 км (15000 фут)

¹ 5000 футқа дейін, әр 1000 фут үшін 5000 футтан 10000 футқа дейін -1°C градусқа төмендетіңіз

² 5000 футқа дейін, әр 1000 фут үшін 5000 футтан 10000 футқа дейін -1°C градусқа төмендетіңіз

³ 113°F (45°C) градуста, конденсаттың пайда болуысыз

⁴ 104°F (40°C) градуста, конденсаттың пайда болуысыз

⁵ 149°F (65°C) градуста, конденсаттың пайда болуысыз

⁶ 149°F (65°C) градуста, конденсаттың пайда болуысыз

2-кесте: 8360 сериялы коммутатор модельдерінің өлшемдері мен салмақтары

Коммутатор	Ені	Ұзындығы	Биіктігі:	Салмағы
Aruba 8360-32Y4C FB 3F2PS жинағы (JL700A) Aruba 8360-32Y4C BF 3F2PS жинағы (JL701A) Aruba 8360-32Y4C (JL717A)	44,25 см (17,4 дюйм)	40,64 см (16,0 дюйм)	4,4 см (1,73 дюйм)	18,05 фунт (8,19 кг)
Aruba 8360-48XT4C FB 3F2PS жинағы (JL706A) Aruba 8360-48XT4C BF 3F2PS жинағы (JL707A) Aruba 8360-48XT4C (JL720A)	44,25 см (17,4 дюйм)	40,64 см (16,0 дюйм)	4,4 см (1,73 дюйм)	18,85 фунт (8,55 кг)
Aruba 8360-12C FB 3F2PS жинағы (JL708A) Aruba 8360-12C BF 3F2PS жинағы (JL709A) Aruba 8360-12C (JL721A)	44,25 см (17,4 дюйм)	40,64 см (16,0 дюйм)	4,4 см (1,73 дюйм)	17,55 фунт (7,96 кг)
Aruba 8360-24X2C FB 3F 2PS жинағы (JL710A) Aruba 8360-24X2C BF 3F 2PS жинағы (JL711A) Aruba 8360-24XF2C (JL722A)	44,25 см (17,4 дюйм)	40,64 см (16,0 дюйм)	4,4 см (1,73 дюйм)	17,08 фунт (8,07 кг)
Aruba 8360-16Y2C FB 3F2PS жинағы (JL702A) Aruba 8360-16Y2C BF 3F2PS жинағы (JL703A) Aruba 8360-16Y2C (JL718A)	44,25 см (17,4 дюйм)	40,64 см (16,0 дюйм)	4,4 см (1,73 дюйм)	17,00 фунт (7,71 кг)
Aruba 8360-48Y6C v2 FB 5F 2PS жинағы (JL704C) Aruba 8360-48Y6C v2 BF 5F 2PS жинағы (JL705C) Aruba 8360-48Y6C v2 (JL719C)	44,25 см (17,4 дюйм)	50,8 см (20,0 дюйм)	4,4 см (1,73 дюйм)	23,65 фунт (10,73 кг)

Қауіпсіздік және нормативтік талаптарға сәйкестік туралы ақпарат



Қауіпсіздікке, қоршаған ортаға және нормативтік талаптарға қатысты маңызды ақпаратты алу үшін, <http://www.hpe.com/support/Safety-Compliance-EnterpriseProducts> арқылы алуға болатын «Сервер, дерек сақтау, қоректендіру, желі және бағана өнімдеріне қатысты қауіпсіздік пен сәйкестік туралы ақпарат» атты құжатты қараңыз.

1-кесте: 8360 сериялы модульдік қуат беру блоктарының электртехникалық бөлігіне қатысты деректер

Коммутатор моделі	Қуат беру блоктары	Максималды ток	Айнымалы ток (АТ) кернеуі:	Жиіліктер диапазоны
Aruba 8360-32Y4C FB 3F2PS жинағы (JL700A)	Aruba X391 550W Prt2Pwr AC қуат беру блогы (JL600A)	7,1 А, 100-127 В (АТ) үшін 3,4 А, 200-240 В (АТ) үшін	100-127 / 200-240	50-60 Гц
Aruba 8360-16Y2C FB 3F2PS жинағы (JL702A)				
Aruba 8360-48XT4C FB 3F2PS жинағы (JL706A)				
Aruba 8360-12C FB 3F2PS жинағы (JL708A)				
Aruba 8360-24XF2C FB 3F2PS жинағы (JL710A)				
Aruba 8360-32Y4C BF 3F2PS жинағы (JL701A)	Aruba X391 550W Pwr2Prt AC қуат беру блогы (JL712A)			
Aruba 8360-16Y2C BF 3F2PS жинағы (JL703A)				
Aruba 8360- 48XT4CBF 3F2PS жинағы (JL707A)				
Aruba 8360-12C BF 3F2PS жинағы (JL709A)				

Коммутатор моделі	Қуат беру блоктары	Максималды ток	Айнымалы ток (АТ) кернеуі:	Жиіліктер диапазоны
Aruba 8360-24XF2C BF 3F2PS жинағы (JL711A)				
Aruba 8360-48Y6C v2 FB 5F 2PS жинағы (JL704C)	Aruba X391 850 Prt2Pwr AC жинағы (JL601A)	10 А, 100-127 В (АТ) үшін	100-127 / 200-240	47-63 Гц
Aruba 8360-48Y6C v2 BF 5F 2PS жинағы (JL705C)	Aruba X391 850 Pwr2Prt AC қуат беру блогы (JL713A)	5 А, 200-240 В (АТ) үшін		
Aruba 8360-48Y6C V2 (JL719C)				

2-кесте: барлық Aruba 8360 сериялы коммутатор модельдеріне қатысты қауіпсіздік пен нормативтік талаптар туралы ақпарат

Қауіпсіздік - Еуропа Одағы	EN 60950-1:2006 +A11:2009 +A1:2010 +A12:2011+A2:2013; EN62368-1, Бас. 2:2014
Қауіпсіздік - бүкіл әлемде	IEC 60950-1:2005+A1:2009+A2:2013; IEC 62368-1:2014
Солтүстік Америка	UL/CUL 69050-1: 2-басылым UL60950-1, CSA 22.2 № 60950-1
Лазерлер	EN60825-1:2014 / IEC 60825-1: 2014 1-сынып 1-сыныпқа жататын лазер өнімдері / Laser Klasse 1
Электрмагниттік үйлесімділік	EN 55024:2010 +A2016/CISPR24:2015 EN 55032:2015/CISPR 32, «А» сыныбы EN 55035:2017/CISPR 35 EN 61000-3-2:2014, «А» сыныбы EN 61000-3-3:2013 FCC CFR 47, 15-тармақ: 2010, «А» сыныбы ICES-003, «А» сыныбы VCCI, «А» сыныбы CNS 13438, «А» сыныбы
Қауіпті заттардың электрлік және электрондық құрылғыларда пайдаланылуын шектеу (RoHS)	EN 50581:2012



Коммутаторға қатысты қоршаушы орта бойынша техникалық талаптар және акустикалық деректер сияқты басқа техникалық талаптар *Орнату және пайдалануды бастау бойынша нұсқаулықтың* ең соңғы нұсқасында берілген.



- Коммутаторыңызбен бірге тек қолдаулы Aruba қабылдағыш-жібергіштерін ғана пайдаланыңыз. Қабылдағыш-жібергіштер туралы қосымша ақпарат алу үшін, «Қабылдағыш-жібергіш бойынша нұсқаулықтың» ең соңғы нұсқасын қараңыз.
- Оптикалық-талшықты SFP құрылғысын таңдау кезінде ол өнімнің ұсынылған максималды жұмыстық температурасынан төмен температурада жұмыс істей алатынына көз жеткізіңіз. Оптикалық-талшықты SFP құрылғысын таңдау кезінде құрылғы коммутатордың жұмыстық температура ауқымына (немесе одан жақсы жұмыстық температура ауқымына) ие екеніне көз жеткізіңіз.
- Тек 1-ші лазер сыныбына жататын мақұлданған SFP қабылдағыш-жібергішін ғана пайдаланыңыз.

Жапонияға қатысты қоректендіру шнурлары туралы ескерту

製品には、同梱された電源コードをお使い下さい。
同梱された電源コードは、他の製品では使用出来ません。

Қуат беру блогы бойынша нұсқаулар



Тек ғимарат ішінде пайдаланылуға арналған. Коммутатор, қоректендіру шнурлары және барлық қосылған кабельдер сыртта пайдаланылуға арналмаған.



Орнату кезінде, орнатылып жатқан қуат беру блогына айнымалы ток көзі ҚОСЫЛМАҒАНЫН қамтамасыз етіңіз.



Ток соғу қаупі. Коммутатордан токты толық шығару үшін, барлық қоректендіру шнурларын ажыратыңыз.



Қауіпсіздікке, қоршаған ортаға және нормативтік талаптарға қатысты маңызды ақпаратты алу үшін, <http://www.hpe.com/support/Safety-Compliance-EnterpriseProducts> арқылы алуға болатын «Сервер, дерек сақтау, қоректендіру, желі және бағана өнімдеріне қатысты қауіпсіздік пен сәйкестік туралы ақпарат» атты құжатты қараңыз

Бразилияға қатысты мәлімдеме

Este equipamento deve ser conectado obrigatoriamente em tomada de rede de energia elétrica que possua aterramento (três pinos), conforme a Norma NBR ABNT 5410, visando a segurança dos usuários contra choques elétricos.)



Қауіпсіздікке, қоршаған ортаға және нормативтік талаптарға қатысты маңызды ақпаратты алу үшін, <http://www.hpe.com/support/Safety-Compliance-EnterpriseProducts> арқылы алуға болатын «Сервер, дерек сақтау, қоректендіру, желі және бағана өнімдеріне қатысты қауіпсіздік пен сәйкестік туралы ақпарат» атты құжатты қараңыз.

Батареяларға қатысты мәлімдемелер



Осы коммутаторда литий батареясы қолданылады. Батареяны ауыстыруға тырыспаңыз.



Батарея ауыстырылғанда сәйкес келмейтін түрі салынса, жарылу қаупі төнеді. Пайдаланылған батареяларды еліңіздің немесе аймағыңыздың батареяларды кәдеге жарату бойынша нұсқауларына сәйкес кәдеге жаратыңыз.



Осы өніммен бірге берілетін батареяда перхлорат заты болуы мүмкін. Калифорнияда және кейбір басқа штаттарда арнайы қолдану талаптары қойылуы мүмкін. Қосымша ақпаратты <http://www.dtsc.ca.gov/hazardouswaste/perchlorate> веб-сайтынан қараңыз.



Il y a danger d'explosion s'il y a remplacement incorrect de la batterie.
Remplacer uniquement avec une batterie du même type ou d'un type équivalent recommandé par le constructeur. Mettre au rebut les batteries usagées conformément aux instructions du fabricant.



Батареяның жұмыс істемей қалғанын білдіретін жалғыз белгі – коммутатордың ішкі сағаты қайта іске қосу немесе іске қосу/өшіру циклі кезінде уақытты дұрыс көрсетпейді. Егер батарея жұмыс істемей қалса, Aruba компаниясының жергілікті өкілетті уәкіліне хабарласып, жәрдем сұраңыз. Батареяларға сатып алушы техникалық қызмет көрсете алмайды, сондықтан батарея істен шыққан жағдайда Aruba компаниясы өкіл еткен техникалық қызмет көрсетуші қызметкерлерге ғана жүгіну керек.

Қауіпсіздікке, қоршаған ортаға және нормативтік талаптарға қатысты маңызды ақпаратты алу үшін, келесі веб-сайттан табуға болатын «Сервер, дерек сақтау, қоректендіру, желі және бағана өнімдеріне қатысты қауіпсіздік пен сәйкестік туралы ақпарат» атты құжатты қараңыз: <http://www.hpe.com/support/Safety-Compliance-EnterpriseProducts>

Жапонияға қатысты VCCI, «A» сыныбы туралы мәлімдеме

この装置は、クラスA機器です。この装置を住宅環境で使用すると電波妨害を引き起こすことがあります。この場合には使用者が適切な対策を講ずるよう要求されることがあります。

VCCI – A

Кореяға қатысты EMC, «А» сыныбы туралы мәлімдеме

사용자 안내문

이 기기는 업무용 환경에서 사용할 목적으로 적합성평가를 받은 기기로서 가정용 환경에서 사용하는 경우 전파간섭의 우려가 있습니다.

Федералдық байланыс комиссиясының (FCC) «А» сыныбы туралы мәлімдемесі

Осы жабдық сынаудан өткен және оның FCC ережелерінің 15-тармағы бойынша «А» сыныбына жататын сандық құрылғылар үшін белгіленген шектеулерге сәйкес келетіні анықталған.

Еуропа Одағына қатысты «А» сыныбы туралы мәлімдеме

Ескерту: бұл өнім EN 55032 стандарты бойынша «А» сыныбына жататын құрылғыларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Тұрғын аймақтарда пайдаланылған жағдайда бұл өнім кедергілер жасауы мүмкін. Пайдаланушы радио және теледидар сигналдарын қабылдауға кедергі жасауды болдырмау үшін электрмагниттік сәулелену деңгейлерін төмендету бойынша арнайы шараларды қабылдаған жағдайларды қоспағанда, құрылғыны осындай пайдаланбау қажет.

Еуропа Қауымдастығы

Осы өнім кейбір шектелген кернеулер ауқымында пайдаланылуға арналған электрлік жабдық жөніндегі 2014/35/EU нөмірлі директиваның талаптарына, электрмагниттік үйлесімділік жөніндегі 2014/30/EU нөмірлі директиваның талаптарына, электрлік және электрондық жабдықта кейбір қауіпті заттарды пайдалану мөлшерін шектеу жөніндегі 2011/65/EU нөмірлі директиваның талаптарына сәйкес келеді, сондықтан онда тиісті CE таңбасы бар.



EN55035 стандартына сай кондуктивті кедергілерге және электрмагниттік сәулеленуге тұрақтылық мәселесінде Aruba 8360 сериялы коммутатор өнімдері «А» өнімділік өлшемшартымен шектелген болып, HPE Smart Rate порттарына арналған экрандалған кабельдермен жабдықталған.

Беларусь, Қазақстан, Ресейге қатысты таңба



Өндіруші және оның жергілікті өкілдері туралы ақпарат алу үшін, <http://www.hpe.com/support/Safety-Compliance-EnterpriseProducts> арқылы алуға болатын «Сервер, дерек сақтау, қоректендіру, желі және бағана өнімдеріне қатысты қауіпсіздік пен сәйкестік туралы ақпарат» атты құжатты қараңыз.

Ұлыбританияға қатысты таңба



EU & UK Regulatory Contact:

HPE, Postfach 0001, 1122 Wien, Austria

Aruba 8360 коммутаторын орнату туралы алдын ала ақпарат



Осы бөлімде Aruba 8360 коммутаторларын орнатудың қадамдары туралы алдын ала ақпарат берілген.

Коммутаторды орнату бойынша жан-жақты ақпаратты табу үшін, коммутаторыңызға қатысты *Орнату және пайдалануды бастау бойынша нұсқаулықтың* ең соңғы нұсқасын қараңыз.

1. Құрылғы орнатылатын орынды дайындаңыз.
2. Коммутаторды орамасынан шығарыңыз да, дұрыс бөлшектерді алғаныңызға көз жеткізіңіз.
3. Орнатылатын құрылғыңыздың қуат беру блоктары мен желдеткіштері үшін есептелген ауа ағыны дұрыс екеніне көз жеткізіңіз.



Ауаны порттар жағынан қуат блоктары жағына айдауға арналған желдеткіштер мен қуат беру блоктары қызыл түспен белгіленген.

Ауаны қуат блоктары жағынан порттар жағына айдауға арналған желдеткіштер мен қуат беру блоктары көк түспен белгіленген.

4. Коммутаторды қуат беру көзіне қосыңыз да, коммутатордың өзін-өзін тексеру функциясын орындауын бақылаңыз. Одан кейін коммутаторды қуат беру көзінен ажыратыңыз.
5. Коммутаторды орнына орнатыңыз.



Коммутаторды қабырғаға, үстел астында немесе басқа горизонтальдық беттің астында орнатпаңыз.

6. Коммутаторды қуат беру көзіне қосыңыз.
7. (Міндетті емес) Қабылдағыш-жібергіштерді орнатыңыз.
8. Желілік кабельдерді қосыңыз.
9. Коммутаторды желіде жұмыс істеуі үшін конфигурациялаңыз.

Құжаттама туралы пікір білдіру

Барлық қателер туралы хабарларды, ұсыныстарды немесе түсініктерді құжаттама туралы пікір жинау бөліміне жіберіңіз (docsfeedback-switching@hpe.com).